

А. Кошимова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: aknur_k@mail.ru

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТҮР-ТҮС ЖӘНЕ САНДЫҚ СИМВОЛДАР

Адам өміріндегі кез келген ақпарат беретін түсінігі, қабылдауы негізінде пайда болған белгілер оның табиғаты мен дүниетанымына байланысты қалыптасады. Яғни, халық нанымнан хабар беретін мұндай таңбалар халықтың өмір сүрген ортасы мен салтына байланысты қалыптасып отырғанын байқауға болады. Ондай символдардың қатарына түр мен түс және сандық белгілерді жатқыза аламыз.

Әлемде қай халықтың болмасын ғасырдан-ғасырға жалғасып отырған дәстүр-ғұрпында, мәдениеті мен сенімінде табиғи күштерді қабылдап, түсінуіне байланысты ерекшеліктері көрініс беріп отырады. Әрқайсысының өзіндік тарихы мен мәдениетінің өзгешеліктеріне қарай қабылдау ерекшеліктері де болатынын байқау қиын емес. Мысалы, қандай да бір түстің қабылдануы әр халықта әртүрлі, сондай-ақ қарама-қайшы түсініктерді білдіретін кездері де кездесетіндігін байқаймыз. Яғни, әр халықтың ертеден қалыптасқан түсінігі бойынша түс пен сандық пайымдауларында ұқсастықтармен қатар қарама-қарсы мағынада қабылдауларды көруімізге болады.

Қалай десек те бұлардың барлығын сол халықтың тарихын, мәдениеті мен дүниетанымын зерттеуде көмекке келетін ақпарат, мәлімет, көмекші құрал деп қарастыруымыз керек. Сондықтан да кеңістік пен уақытты, табиғатты, сондай-ақ қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынасты көрсететін философиялық, логикалық категория қатарында саналатын түр-түс пен санды халықтың дүниені тану, табиғи құбылыстарды қабылдау, өмір сүрген ортасын, географиялық орналасуы мен табиғатын көрсетуде символдық көрсеткіш ретінде қарастыру маңызды.

Түйін сөздер: таңба, белгі, түркі халықтары, топонимдер, түр-түс символикасы, сандық символдар.

A. Koshymova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: aknur_k@mail.ru

Color and number symbols in the study of the worldview of the Turkic peoples

The signs that arise on the basis of any informational comprehension and perception in a person's life are formed due to his character and worldview. It should be noted that such symbols, which communicate the beliefs of the people, are formed depending on the environment and customs of the people themselves. Such symbols include color and numeric characters.

Traditions, customs, culture and beliefs of any people in the world, preserved for centuries, reflect their characteristics through the acceptance and understanding of natural forces. It is easy to see that each of them has its own characteristics of perception, depending on the differences in their own history and culture. For example, it should be noted that the perception of a certain color is different for various peoples, and sometimes they give opposite definitions. That is, according to the understanding that has long been established among every people, we can see both the similarity and the opposite of perception in color and numerical judgments.

In any case, we should consider all this as information, information and auxiliary tools that will help in the study of the history, culture and worldview of the people. That is why it is important to take into account color and number, which are considered one of the philosophical and logical categories that show space and time, nature, as well as the relationship between society and human, which are also used as a symbolic indicator in the worldview of people, the perception of natural phenomena, their habitat, geographic location.

Key words: tamga, sign, Turkic peoples, toponyms, color symbolism, numerical symbols.

А. Кошымова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: aknur_k@mail.ru

Цветовые и числовые символы в изучении мировоззрения тюркских народов

Знаки, возникающие на основе любого информационного осмысления и восприятия в жизни человека, формируются в силу его характера и мировоззрения. Следует отметить, что такие символы, которые сообщают о верованиях народа, формируются в зависимости от среды и обычаев самого народа. Такие символы включают в себя цвет и числовые знаки.

Традиции, обычаи, культура и верования любого народа мира, сохраняющиеся на протяжении столетий, отражают их особенности благодаря принятию и пониманию природных сил. Нетрудно заметить, что каждый из них имеет свои особенности восприятия в зависимости от различий собственной истории и культуры. Например, следует отметить, что восприятие определенного цвета у разных народов различно, и иногда они дают противоположные определения. То есть, согласно давно сложившемуся у каждого народа пониманию, мы можем видеть как сходство, так и противоположность восприятия в цветовых и числовых суждениях.

В любом случае, мы должны рассматривать все это как информацию, сведения и вспомогательные инструменты, которые помогут в изучении истории, культуры и мировоззрения народа. Именно поэтому важно учитывать цвет и число, считающиеся одними из философско-логических категорий, показывающих пространство и время, природу, а также отношения между обществом и человеком, которые также используются как символический показатель в мировоззрении людей, восприятии явлений природы, среды их обитания, географического положения.

Ключевые слова: тамга, знак, тюркские народы, топонимы, цветовая символика, числовые символы.

Кіріспе

Қазақстан және Орта Азия территориясын ерте және ортағасырларда мекен еткен кез келген тайпалық одақтар мен мемлекеттердің өзіне тән символдық ерекшеліктері мен айырмашылықтары болып отырған. Мысалға алатын болсақ, бір ру-тайпаларда ол өздерінің жеке рулық таңбаларына байланысты орын алса, екінші бірінде ұрандары арқылы көрініс берді, ал үшіншісінде салт-дәстүріндегі ерекшеліктермен анықталады. Н. Аристов айтып кеткендей таңбалар өз кезегінде «... рулық бөліністер мен атаулар, тамғалар мен ұрандарды қоса алғанда және дәстүрі мен салты бәрі-бәрі жазба әдебиеті болмаған көшпелілерде халықтың өз өткенінің ескерткіштері сипатында сақталған» (Аристов, 1895). Сондықтан да ертедегі тарихты ашуда түр мен түс және сандық символдарды халықтың дәстүрлері мен наным-сенімдерін зерттеудің басты деректері ретінде қарастыру маңызды болып табылады. Себебі, кез келген халықтың тарихының кейбір беттері қағаз бетіне түспей ауыз әдебиетінде, сенімінде, дәстүрінде, сурет және ескерткіштер өнерінде қалғандықтан, ондағы жасырынған тұстарды да тарих бетіне енгізу арқылы толығырақ аша түсеміз. Бұлардың барлығы дерлік ру-тайпалардың, бүгінгі ұлттың,

халықтың тарихының символдық көрінісі және бір бөлшегі болып табылады.

Символ қандай да бар халықтың мәдени, рухани, мифологиялық жадын сақтап жеткізуші рөлдегі семиотика болып саналады. Кез келген халықтың әлем туралы, өздерінің пайда болуы жайында, қорқыныш пен қуаныш белгілері ретіндегі ертедегі түсініктерінің басым бөлігі мифологиялық ескерткіштерде көрініс беріп, сақталып жеткізілді. Сондықтан да миф ақпарат тасымалдаушы құрал ретінде де саналады. Дәл осы мифтік мотивтерде, жырларда кездесетін түрлі түстер мен сандарға қатысты сенімдерді білдіретін мәліметтер сол кезеңде өмір сүрген тайпалардың, кейінгі халықтардың ертедегі тарихының дерегі қызметін атқарады.

К. Леви-Стросс миф арқылы символға келудің негізін қалап кеткен. Ол символды логикалық мағынаға ие парадигмалық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырады. «Сондықтан мифология әмбебап образдар мен идеяларды белгілеу үшін қолданылатын семиотикалық кодтың бірі ретінде танылады» – деп түсіндірді» (Язык символов: мифология и религия, 2006).

«Көшпелілер үшін миф халықтар жинақтаған өмір тәжірибелерінің берілу формасы болғандығы белгілі. Ежелгі түркі мифологиясы табиғаттың экожүйелік тұтастығы идеясын зерт-

теуге қажетті мәліметтер береді, сонымен қатар, көшпелілердің табиғатпен рухани аясындағы тұрақты қарым-қатынастарын зерттеп тексеруге мүмкіндік береді» (Ғасырлар тоғысындағы түркі халықтары..., 2020). Яғни дүниені танудағы, түсінудегі, қабылдаудағы тәжірибелерінің жиынтығы құрамында оларға түр-түс және сандық мағына арқылы сенім қалыптастыру сол кезеңдегі халықтың табиғатпен байланысын, қарым-қатынасын ашып зерттеуде үлкен дерек бола алатындығын көріп отырмыз.

Материалдар мен әдістер

Мәселені зерттеудің теориялық негізі түркі халықтарының дүниетанымындағы ойлау және қабылдау жүйесінің түр-түстік және сандық символдар мен белгілер түрінде көрініс беруі олардың этномәдени, рухани тарихының бір қыры болуында жатыр. Зерттеу барысында халықтар наным-сенімін, дүниетанымын білдіретін түр-түстік белгілер мен сандық символдарын осы мәселеге арналған ғылыми еңбектерге талдау жасау дәстүріне сүйендік. Деректік негізі жазба деректермен фольклорлық деректердің бетіндегі символдық жүйелерге тікелей бағытталды. Зерттеудің негізгі әдістерін тарихи салыстырмалы талдау, семиотикалық талдау құрады.

Нәтижелер мен талдаулар

Сандық символдардың көрінісі

«Адамзат қоғамында сандар діни, тәңірлік және әлемдік символдар ретінде қарастырылып олардың бойында адам санасы жете қоймайтын құдіретті құпиялар мен сырлар жатқанына, сонымен қатар бұл құдіретті күштердің адамға жақсылық та, жамандық та әкелетініне сенген» – дейді Р.Ә. Авакова өзінің еңбегінде (Авакова, 2003). Құдіретті күштің бар екеніне сенгендіктен де болар тек сан ретінде қабылданып қана қоймай, оларға киелі мән ретінде қараған. Сондықтан да әр халықтың ұғымындағы сандық символдардың мән-мағынасын олардың философиялық көзқарастарын, наным-сенімдері мен дүниетанымын, сондай-ақ материалдық мәдениетіне тереңірек барғанда ғана түсінуге, мәнін ашуға мүмкіндік туындайды. Яғни, әрбір халықтың дүниетанымындағы ерекшеліктеріне сәйкес наным-сенім тудыратын сандары қалыптасады. Ал өз кезегінде мұндай сандар халықтың, адамның өмірінде маңызды шешуші рөлді иеленеді. Мысалы, түркілер дүниетанымында

үш, жеті, тоғыз, қырық деген сияқты сандар қасиетті саналады. Сондай-ақ ежелгі түркілер 1, 2, 3, 4, 5, 7, 9, 12, 30, 33, 40, 60, 99, 100, 180, 360 сияқты сандарға ерекше символдық мән берген. А. Нысанбаев пен Н. Аюповтың бөліп көрсетуімен тарқатып көрсетер болсақ:

- «1 – «Мен», «Тәңірі», «Бастама»;
- 2 – дүниені түсінудегі дуализм, «көк атам – жер анам» «бір жақсыға – бір жаман»;
- 3 – әлемнің бірлігі мен тұтастығы;
- 4 – «төрт бұрыш», әлемді горизонталды бөлу;
- 5 – «бес күндік дүние» – адам өмірі өткінші әрі жалған, барлығының да уақыты келгенде келесі о дүниеге қайтатындығына сілтейді;
- 7 – қасиетті сан, үйлесімділік;
- 9 – бірлік;
- 12 – бір мүшелдік цикл;
- 30 – келісім, («отыз оғлан»);
- 33 – шексіз қайталанатын әлем;
- 40 – өзге бастаманың басталу шегі;
- 60 – мүшел циклі;
- 77 – шексіздік;
- 99 – әлем шексіздігінің мәні;
- 180 – цикл, үлкен мүшел;
- 360 – мәңгілік ұғымы» (Нысанбаев, 2006).

Сонымен түркі халықтарында мәні жоғары үш санының ерекшеліктері мен қасиетіне тоқталып өтсек. Жоғарыда атап көрсетілгендей үш саны бірлікті, тұтастықты бейнелейді. Ал өз кезегінде зерттеушілер түркі мәдениетінің кемелдігі мен тұтастығы осы санға барып тірелетіндігін атап көрсетеді. «Богатая природа и разнообразие климатических условий позволили создать богатейшую культуру, в основе которой лежала триада: «чарвучлик» (номадическая культура), «бостанлик» (оазисная культура) и «яйлак» (смешанная скотоводческо-земледельческая культура). Это триада, в определенной степени, является материальным основанием универсальности, целостности, самодостаточности и, как следствие, – открытости духовной культуры и мировоззрения тюркских народов» (Нысанбаев, 2006: 142).

Жалпы үш санымен байланысты түсініктер туралы біз ертедегі жазба деректерімен қатар фольклорлық деректерден де мәліметтерді ала аламыз. Оларға салыстырмалы түрде талдау жасағанда бір-бірінен алыс емес, керісінше жақын мағынадағы түсінікке ие екендігін байқаймыз. Мысалы, қазақ аңыз-әңгімелерінде кездесетін үш әлемнің, яғни аспан – тәңірі, жаратушы; жер бетіндегі жаратылыс – адам; жер асты, төменгі әлем – метафизикалық рухтар әлемі арасындағы байланыстар. Өзара күрес және көмекке құрылған сюжеттерде жер асты-

на, аспан әлеміне барып соңында адам әлеміне оралып бақытты да, баянды өмір кешіпті деген мазмұндар көптеп кездеседі. Өз кезегінде діни түсінікпен де қаттасып, кейбір көріністері түркі халықтарының дәстүрінде сақталып келді. Сонымен бірге, қазақ халқының да дәстүрлі мәдениетінде әлем кеңістігі үш сатыдан тұрады: жоғарғы аспан, яғни жаратушыға, тәңірге сыйынды, ортаңғы әлемде адамзат тіршілік етті, төменгі әлем – өлім патшалығы.

Және де Күлтегін мен Білге-қағанға арналған белгілі жазбалардан келесідей жолдарды оқи аламыз: «Жоғарыда көк аспан, төменде қара жер, ал оның аралығында адам ұлдары жаратылғанда». Бұл мәтінде көрсетілген түркілердің түсінігіндегі үшбөлікті дүниетанымдық құрылысы, сонымен бірге ежелгі түркі әлем бейнесінің кеңістіктік-уақыттық атрибуциясы сияқты дүниетанымдық көзқарасы болғандығын дәлелдейді. Бұл әлемнің ортасында түркілердің жері, ал шет жағында олардың дұшпандары орналасқан (Кляшторный, 2006). Осы тұрғыда түркілердің кеңістіктік-уақыттық дүниетанымдарының күрделілігін атап өту керек, бұл мағынада әлемдегі заттардың қарапайымдылығы туралы нақты айта алмаймыз (Ғасырлар тоғысындағы түркі халықтары..., 2020).

Түркілер дәстүріндегі кеңістіктің үш қабаттан тұратын вертикальды құрылымымен қатар, әлемді горизонтальды тұрғыда да бөліп қарады, яғни шығысқа қарай, оңға және солға. Мұның орталық түйіскен жері ағаш болып саналады. Яғни, ағаш жоғарыда атап көрсетілген үш әлемді біріктіруші. Түркі халықтарының ертедегі мифтік, аңыздық желілерінде бұл үш әлемді біріктіруші ағаштың орны көптеп суреттеліп отырады. Бұл да өз кезегінде түсінік, қабылдаудың белгілі бір символы тәрізді.

Ертедегі түркі халқының қабылдауында, түсінігінде әлемдегі жер төртбұрышты кеңістік ретінде танылып, оның айналасында жау халықтар мекендеді. Дүние шекарасын белгілеу үшін жазба ескерткіште «бұлұң» (бұрыш дегенді білдіреді) термині пайдаланылды. С.Г. Кляшторный өз еңбегінде осы төртбұрыш туралы былай жазды «дүниенің төртбұрышының халықтары түркі қағандарына жау екен. Ышбара қаған тіршілік бар құрлықтың шетінен ары, демек жерді қоршап тұрған әлемнің абсолюттік шегі жайлы «төрт теңіз» жазбасында жазды. Әлем орталығы «Қасиетті Өтүкен ордасы» түріктер осы жерді мекендеп олар «алдыңғысы» мен «артындағысын», «оңы» мен «солын», «дүниенің төрт бұрышын» тізе бүктіру үшін жауға аттан-

ды (Кляшторный, 1981). Мұнда Ышбара қаған өзінің хаттарының бірінде «төрт теңіз» деген тіркесті қолданған, төрт теңіз адам мекендейтін жер кеңістігінің сыртында жатыр, яғни ғаламның абсолют шегі ретінде осы төрт теңіз алынады. Теңіз – адам өмір сүріп отырған әлемнің шеті болып қабылданған. Ғаламның кіндігі болып «қасиетті Өтүкен жері» танылып, онда түркілер мекендеген. Түркі қағандарының ордасы болған осы орталықтан түркілер дүниенің төрт бұрышын жаулаған. Көне түркілік ғаламның горизонтальды моделіне қатысты сипаттама туралы «Күлтегін жазуындағы» алықтардың дүниенің төрт бұрышында өмір сүретіндігі туралы мынадай мәліметті келтіруімізге болады: «...Әскер жүргізіп төрт бұрыштағы алықтарды түгел алған екен, бұғалықтаған екен. Бастыны жүгіндірген екен, тізеліні шөгерген екен. Ілгері (күш шығыста) қадырқан қойнауына дейін, кері күн батыста Темір қақпаға дейін қондырған». Бұл сөз жолдарындағы «төрт бұрыш» сөзі түркілік ғаламның төрт бұрыш екендігін немесе квадраттық сипатын көрсетіп тұр. Бұл жөнінде Серікбол Қондыбай өзінің «Арғықазақ мифологиясы» атты еңбегінде былай деп жазды: «Мифтік ғаламның горизонталь моделі «орталық пен шеттің (центр мен периферия) қарама-қарсы қойылуына негізделеді. Бұл модельдеудегі басты көрсеткіштер – орта (кіндік, центр) мен төрт тарап (бағыт): «оң» – «сол», «алғы» – «артқы», «солтүстік» – «оңтүстік», «батыс» – «шығыс». Сондықтан да горизонталь модель көбінесе төртбұрыш (квадрат, шартарап, төрткүл) және шеңбер түрінде суреттеледі. Ғаламның көлденең құрылымы шеңбер немесе квадрат тұрпатты болып, төрттік жіктелуімен ерекшеленеді. Көп жағдайда көлденең модель орта дүниеге – адамдар дүниесінің моделі ретінде көрсетіледі, дегенмен оның ғаламның моделі екендігін де естен шығармаған жөн» (Қондыбай, 2004).

Яғни бұл жерден көріп отырғанымыз ертедегі түркі халықтарының түсінігіндегі әлемнің үш қабаттан тұратындығы: аспан әлемі, жер, жерасты. Дәл осылай әлемді үш бөлікке бөліп қарастыру жүйесі қазақ халқына да жат емес. «Үш қат сөз тіркесі жоғарыдағы үшпен мәндес, мағыналас, ол қат-қабат сөзінің қысқарған түрі. Жоғарғы қат аспан – тәңір, ортаңғы қат – жер үсті – текелей, төменгі қат – жер асты – теңіз» деп көрсетіледі (Дсіпова, 2001). Сондай-ақ ертедегі түркілердің дүниетанымдары мен қабылдауы бойынша жерасты әлемінің өзі үш горизонтальды қабаттан тұрған. Оны «жерасты жері» деп атаған. Төменгі әлемді сипаттайтын түстерді де анықтап

көрсетер болсақ – қара, түссіз және сары түстер болды. Оның ішіндегі қара түс түнмен, жермен, теріс бастамамен байланыстырылды.

Мұндай түсінік тек түркі халықтарында ғана кездеспейді, сондай-ақ көрші орналасқан қытайлықтар да үш деген санға ерекше мән береді. Үш жарық – ай, күн, жұлдыз, бір жылдағы төрт маусымды үш қыс, үш көктем, үш жаз, үш күз деп бөліп көрсетеді. Яғни толықтай аяқталған әрекет, істі білдіруде үш деген сан пайдаланылып отырғанын көруге болады.

Түркі халықтарының ішінде қазақтарда ең киелі деп саналатын сандардың бірі – жеті. Ол-жас Сүлейменов өз кезегінде қазақтарда тарихқа деген құрметі жоғары екенін айта келе, әрбір үйде жеті атасына дейінгі ата текті көрсетіп тарқататын шежіренің сақталатынын жазады (Сүлейменов, 1975). Одан өзге қазақ халқы дәстүрі мен мәдениетінде, дүниеге көзқарасында жеті санымен байланыстырылып қолданатын сөз тіркестерінен-ақ қаншалықты деңгейде қасиетті екендігін көруге болады: «жеті қазына», «жеті ата», «жеті қат көк», «жеті жұлдыз», «жеті күн» т.б. болып жалғаса береді.

Сонымен «жеті» саны да ертеден қасиетті сандардың қатарынан саналып келеді. Жеті санының сиқырлық қасиеті космогониялық ұғыммен ұштастырылды. Өз кезегінде Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен де ежелгі түркілердің діни мифологиялық ойлау жүйесінің жеті санына ерекше қасиетті мән бергенін көреміз. Орхон мәтіндерінде 7 санына айрықша мән берілгенінің себебін И.В. Стеблева бұл санның ежелгі түркілердің діни-философиялық көзқарастарындағы сакральды мәнімен байланыстырады. Тоныкөк бұл санға аса мән беріп, Құтлықтың бастапқы әскерінің саны 700 болғанын баса айтады.

«Орман-тау (арасында) қалғаны
Жиналып жеті жүз болды.
Екі бөлегі атты еді
Бір бөлегі жаяу еді
Жеті жүз кісіні ерткен»

(Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі руна жазбалары. Алматы: Өлке, 2001: 144).

Түр-түс символдарының көрінісі

Әр халықтың тарихы мен мәдениетінде, дүниетанымында түр-түстің де алатын маңызы өте зор. Жалпы айтқанда түр-түстің өзі белгілі бір ақпаратты беретін таңба-символ болып табылады. Түсті түсіну, қабылдау қай тұрғыдан алып қарастырғанда да күрделі процесс болып табылады. Әр халықтың түсінігінде қандай да

бір түстің әртүрлі қабылдануынан-ақ ақпараттар мен мәліметтердің де сәйкесінше түрлі мағына беретіндігін аңғарамыз. Қазақ халқында негізгі түстердің қатарында ақ пен қара және қызыл түстер көрсетіледі.

Жоғарыда сандық символдарды қарастырғанда үш әлем жайында айтқан болатынбыз. Сондай-ақ қарастырып отырған үш түстің ежелден-ақ түркі мифологиясында ерекше орын алғанын байқаймыз. Яғни, ақ, қара және қызыл түстердің үш дүниені бейнелейтініне тоқталар болсақ: ақ түс – жоғарғы немесе аспан әлемін білдірген. Жоғары, аспан жаратушы деп танылған тәңірінің мекені болып саналғандықтан, ақ – тазалық пен пәктіктің белгісін суреттейді. Қара түс – төменгі дүние, жер асты әлемін көрсетеді. Ол дегеніміз жамандық пен зұлымдықтың мекені, оған қоса қарама-қарсы мағынадағы байлық пен тылсым дүниенің, білім мен танымның бейнесін көрсетеді. Көріп отырғанымыздай түстік символдардың пайда болуы сол кезеңдегі таным мен сенімге құрылған мифологиялық ойлаумен байланысып жатыр.

Қара түс – қараңғылық пен зұлымдықтың, жамандықтың белгісін түсіндіре отырып, керісінше қара күштің иесін көрсететін мықтылық пен жүректіліктің де символы білдіреді. Мысалы, А. Джафероглының пікірінше, «Қорқыт ата кітабы» дастанындағы қаһармандардың есімдеріндегі қара эпитеті ерлік пен күштің синонимін көрсетеді.

Ақ түс ерліктің, мықтылықтың да символы болып есептелген. Сондықтан да болар тарихи тұлғалар, ел басшылары мен батырлары шайқастарға ақ туды желбіретіп желеу етіп шығып отырған сәттер тарихтан кездесіп отырады. Мысалы, Бақытбек Бәмшіұлы «Шыңғыс ханның туын «ақ түсті мың айғырдың жал-құйрығынан жасалған тоғыз тұғырлы сексен бір тармақты Ақ ту» деп суреттейді. Сондай-ақ қазақ ханы Шығайдың туы да ақ болған.

Сондай-ақ дәстүрлі қазақ қоғамында ақ түстің қасиетті, яғни ақ – адалдықтың, әділдіктің, сондай-ақ әлеуметтік статусың да жоғары екендігін көрсетеді деп бекіте түседі Б. Утешова (Утешова, 2001).

Сонымен қатар, Шыңғыс хан тұқымынан шыққан билеушілерді – ақ сүйек деп атағанын тарихтан білеміз.

Сонымен қатар түркі халықтарының аңыз-әңгімелерінде көп кездесетін, сипатталатын негативті сипаттағы мыстандар – мистикалық символ болып табылады.

Түркі халықтарында көк түс тұрақтылықты, биіктік пен тереңдікті білдіретін символдық

түс. «Көк» тағы да бірнеше мағына беретіндігін көрсетуге болады. Олар: аспан, көк майса шөп, тәңірі, жаратушы, ерікті (Утешова, 2001). Көк көнетүркілік жаратушы Тәңірімен – Көк Тәңірі, яғни түркілерді жаратып, өмір беріп, мемлекет құруда көмектескен және қайтпас күш пен мықтылық сыйлаған Көк тәңірімен байланыстырылады. Тәңірі біздің заманымызға дейін қолданыста болып келді де, кейіннен түркі-мұсылман халықтарында жаратушы Алланың есімімен ұштастырылды.

Түр-түске байланысты жер-су атаулары да өте көп кездеседі. Қоршаған ортаның түр-түс белгілерін немесе кеңістік бағытын айқындау, ақ, кара, ала, қызыл, сары деген сөздерді қолдану арқылы жүзеге асып отырған. Оронимдердегі түсті білдіретін атаулар көп жағдайда тау жыныстарының, жер бетіндегі топырақтың, құмның түсімен тікелей байланыстырылып беріліп отырған. Олар ландшафтық термин ретінде жер аттарының құрамында жергілікті жердің табиғат ерекшелігінен хабар береді, мәселен: Бозтау, Сарытау, Көктау, Қызылжесік, Ақжар, Ақсай, Қызылқұдық, Аққұдық т.б.

Қорытынды

Жоғарыда қарастырылған сандық және түр-түс символдары халықтар тарихының кез келген кезеңінде мәдени, рухани, философиялық, дүниетанымдық тұрғыдан зерттеуде, сондай-ақ жер-су атауларында көрініс беруінің сипаттама-сын қарастыруда маңызды ақпарат көзі болып табылады.

Әр халықтың түр-түске, санға деген қатынасын жеке дара ғана емес, салыстырмалы түрде қарастырап болсақ көптеген ұқсастықтар мен ерекшеліктерді де аңғаруға болады. Сондай-ақ уақыт өте келе қоғамда орын алған жағдайларға да байланысты осы уақытқа дейін берілген түсініктерге қосымша жаңа сипаттамалар қосылып отыратындығын аңғаруға болады.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің АР09261323 «Орталық Азия көшпенділерінің этникалық мәдениетіндегі символдар мен атрибуттардың қасиеттілігі» ғылыми жобасы аясында жүзеге асырылды.

References

- Avakova R.A. (2003). Frazeologialyk semantika [Phraseological semantics]. Almaty.
- Aristov N. (1895). Opyt vvyasneniya etnicheskogo sostava kirgiz – kazakov Bol'shoy Ordy i karakirgizov [The experience of clarifying the ethnic composition of the Kirghiz-Cossacks of the Great Horde and the Karakirghiz]. Sankt – Peterburg.
- Gasyrlar togysyndagy turki halyktary alemning dini-mifologialyk sipaty (2020). [Religious and mythological nature of the world of Turkic peoples at the turn of the century]. Almaty. 154 b.
- Dsıpova K. (2001) Kazak eskilikterining sandar juiesindegi tildik korinisteri [Linguistic representations of Kazakh antiquities in the number system]. Almaty.
- İazyk simvolov: mifologia i religia (2006). [Symbolic language: mythology and religion] Moscow.
- Kliawtornyı S.G. (2006). Mifologicheskie siujety v drevneturkskih pamiatnikah [Mythological plots in ancient Turkic monuments]. Pamiatnisi drevneturkskoi pismenosti i etnokulturnaia istoria Sentralnoi Azii. Sankt – Peterburg. 241-243 s.
- Kondybai S. (2004). Argykazak mifologiasy [Ancient Kazakh mythology]. Almaty. 512 b.
- Kultegin Tonykok: (2001). Ezhelgi turki runa zhabalary [Kultegin Tonykok: Ancient Turkic Runic Inscriptions.]. Almaty. 144b.
- Nysanbaev A., Aiupov N. (2006). Turkskaia filosofia: desät voprosov i otvetov [Turkic philosophy: ten questions and answers]. Almaty. 142 c.
- Suleimenov O. (1975). Az i İa. Kniga blagamerennogo chitatelia [Az and Ya. Book of the good reader.]. Almaty.
- Utshova B. (2001). Svetovaia simvolika turkskai narodov [Color symbols of the Turkic peoples]. Ait. Almaty, 2001. 2. S.32-41.